

Откізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 маусымда № 36285 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 111-19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Откізуден түскен ақша өз иелігінде қалатын ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министре жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі*

C. Нұрбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2025 жылғы 9 маусымдағы
№ 296 Бұйрықпен
бекітілген

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 102-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 111-19) тармақшасына сәйкес әзірленді және өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету, және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібін айқындайды.

2-тaraу. Өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету тәртібі

2. Ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жеке және занды тұлғаларға шарттық негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетеді.

3. Ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлеріне мыналар жатады:

- 1) Қазақстан тарихының аса маңызды проблемалары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер шенберінде қызметтерді жүзеге асыру;
- 2) гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары бойынша ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;
- 3) ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

4. Ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелер ғимараттарда ұсынылатын ақылы қызмет түрлерінің тізбесін және ұсынылатын тауарларға (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) бағалар прейскурантын көрсете отырып, ақпаратты көрнекті жерде орналастырады.

5. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген ақылы қызмет түрлерін өткізуден түсетін ақша Кодексітің 101-бабының 8-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілдегі орган бекітетін Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес ғылым саласындағы мемлекеттік мекеменің қолма-қол ақшаны бақылау шотына (бұдан әрі – ақылы көрсетілетін қызмет шоты) түсіріп жұмсалады.

6. Ақылы қызмет түрлерін өткізуден түсетін ақшаны қабылдау ақылы көрсетілетін қызмет шотына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша жүргізіледі.

3-тарау. Ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібі

7. Ақылы қызмет түрлерін өткізуден түсетін ақшаны ғылым саласындағы мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының шешімі негізінде:

1) ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру шеңберінде ғылыми зерттеулерді орындаған ғылыми қызметкерлерге ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы үшін қосымша ақы төлеуге;

2) ғылым саласындағы мемлекеттік мекеменің алқалы органдының шешіміне сәйкес жетекші ғалымдардың орташа жалақысы сақтала отырып, бір жылға дейінгі мерзімге шығармашылық демалысына ақы төлеуге;

3) имидждік іс-шараларға арналған қызметтерге ақы төлеуге (брошюралар, бейнероликтер дайындау);

4) зерттеулерді (оның ішінде социологиялық, талдамалық және ғылыми зерттеулер) төлеуге шығындарға;

5) ғалымдарды магистратураға, докторантурасына, тағылымдамаларға және ғылыми іссапарларға жіберу арқылы ғылыми кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыруға;

6) ақылы қызметтер көрсету үшін тартылатын мамандардың еңбегіне ақы төлеуге;

7) ынталандыру сипатындағы қосымша ақы, үстемсақы, сыйлықақы және төлемдер белгілеуге;

8) қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеуге;

9) ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу - жариялауға, талдамалық материалдарды сатып алуға арналған шығыстарға;

10) зерттеулерді орындау үшін жұмсалатын материалдарды сатып алуға;

- 11) жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (занды тұлғалар үшін) сатып алуға;
- 12) материалдық-техникалық базаны нығайтуға;
- 13) үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алуға;
- 14) шарт негізінде қызметтер көрсету үшін занды тұлғаларды тартуға;
- 15) ғылыми зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканың пайдалану шығыстарына;
- 16) іс-шараларды (конференциялар, форумдар, семинарлар, дөңгелек үстелдер) ұйымдастыру және өткізуғе;
- 17) естелік кәдесый және типографиялық өнімдерді сатып алуға жұмсалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК